

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 48 (843) 8 желтоқсан, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

«ТАНЫМ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ

Алматыда Х Азаматтық форум аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның қатысуымен ҰЕҰ сыйлығын салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті. Жыл сайын республикалық, салалық және өңірлік деңгейде әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан үлесі үшін үкіметтік емес ұйымдарға 15 бағыт бойынша сыйлықтар табысталады. Айта кету керек, «Таным» сыйлығы қазақстандық үкіметтік емес ұйымдар мен қоғам қайраткерлерінің жетістіктерін көпшілікке таныту үшін құрылған. «Таным» сыйлығына қатысуға Қазақстанның азаматтық қоғамын қалыптастыру және дамытумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық кеңестер мен қоғам қайраткерлері шақырылады. Дауыс беру онлайн түрде өтеді. Жалпы СҚО-ға қарасты Петерфельд селосындағы мектепті жаңарту, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог - тұрақтылық пен өркендеудің негізі» атты Жолдауында атап айтқан тапсырмасы негізінде қолға алынған жоба. Бұл жоба қала мен ауыл мектептерінің арасындағы білім сапасының алшақтығын азайтуға бағытталған. Біршама жылғы тарихы бар ескірген ауыл мектебі Рауан Кенжеханұлының бастамасы бойынша «Bilim Foundation» ҚҚ-ның қаражатына мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобасы аясында модернизациядан өтіп, сенімгерлік басқаруға берілді. Барлық мектеп түбегейлі жаңарып, заманауи кабинеттер ашылды. Бұл өз кезегінде ауылдың қарақөз балалары ауылда тұрғандарына қарамастан қаладағы балалардан кем білім алмауы үшін жасалды.

«Мен Петерфельд мектебінде 1-ші сыныптан бастап білім аламын. Қаладағы туысқандарымның лед тақта, заманауи компьютерлерді пайдалана отыра сабақ өтетіндерін айтқанда шыны керек таңданатынымын. Ол маған бір қолымыз жетпейтін дүние сияқты көрінді. Содан-соң қала мектептеріне барғанда өте әдемі дәліздер, көздің жауын алатын кабинеттер мені қатты қызықтыратын. Біздің ауылдағы мектепті жаңартқанын көргенде өз көзіме сене алмадым. Мен де қатарластарыммен бірге соңғы үлгідегі мектепте білім алатынымды көріп өте қуандым. Мектепке келуге, оқуға деген құштарлығым өте қатты ұлғайды. Қазіргі таңда біз Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ауыл мектебіне бейімделген бағдарламасы негізінде білім алудамыз. Бағдарлама өте қызықты. Көп ізденудің арқасында ақпараттардың барлығы миыңда қалады екен, – дейді Қызылжар Абай орта мектебінің оқушысы Аманжол Дамир. Иә, мектеп модернизациядан өткеннен кейін Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ауыл мектептеріне бейімделген бағдарлама негізінде білім беруге көшті. Бұл тұрғыда НЭМ Абай мектебіне арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізіп 3 томдық зертеу нәтижесін жинақ ретінде қалдырды. Ауыл мектептерін қолдау жобасы бойынша оқу ошағының инфрақұрылымы түгенделіп, ауылдағы білім беру қызметінің сапасы артты. Бүгінгі күні «Қызылжар Абай орта мектебі» ҚҚ Қызылжар ауданына қарасты барлық білім беру ұйымдарына сапалы түрде тәжірибе таратып жатыр. Ауданның мектеп директорлары, орынбасарларына арналып арнайы тәжірибе алаңы құрылып, Зияткерлік мектептердің ауыл мектептеріне бейімделген бағдарламасын оқушыларға қалай игерту қажеттігі үйретілуде. Мектеп кез-келген уақытта әдістемелік көмек көрсетуді жалғастырып жатыр. – Тәжірибемен бөлісу семинарынан алған әсеріміз керемет. Шыны керек басқа әлемге түскендей болдық. Ол жерде ынтымақтастық, септесу, қолдау қасиеттері арқылы сапалы тәжірибе жинадық. Қызылжар Абай мектебінің әдістемелік тұрғыда берген ақпараттары өте сауатты болды, және оңай тілмен жеткізілді. Бәріміз толық мотивация, энергиямен өз мектебімізге үйренгенімізді іске асыруға асыға тарастық, – дейді Қызылжар ауданына қарасты Соколов ауылындағы орта мектеп директоры Гүлшат Сыздықова. Биылғы жылы мұғалімдердің ғылыми-зерттеу іс-тәжірибесі қайта жанданды. Қазіргі уақытта 10 ғылыми топ құрылып, жұмыстарын бастады. Қызылжар Абай орта мектебінің оқушылары ғылыми жобалар байқауында жақсы жетістіктерімен ерекшеленді. 8-11 сынып оқушылары арасындағы Республикалық ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңіне 5 жоба және 2-7 сынып оқушылары арасында өтетін Республикалық «Зерде» ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңіне 2 командалық, 3 жеке жоба, барлығы 5 жоба қатысты. Барлығы екі байқауға 9 жоба, 11 оқушы қатысқан болатын. Ал жалпы ғылыми жобалар бойынша 10-нан астам жүлделі орын мектеп қанжығасына байланды. Оқушылар мен ұстаздардың еңбегі ақталып, жүлделі орындарды иеленді. –Өздеріңіз білетіндей, біздің Қызылжар Абай орта мектебіміз мемлекеттік-жекеменшік серіктестік арқылы ауыл мен қала мектептері арасындағы алшақтықты жою мақсатында жүзеге асып жатқан үлкен жобалардың алғашқысы. Бұл жоба мектеп әкімшілігіне, ұстаздарға тіпті барша оқушыларға үлкен жауапкершілікті артып отыр. Алдағы таңда біздің мектебіміздің көрсеткіштері қала мектептері көрсеткіштері арасындағы алшақтықтың азайып жатқанын көрсете алса, осындай жобалар көбейіп, еліміздің түпкір-түпкірінен заман талабына сай мектептердің көбеюіне әкеледі. Сол себепті, қазіргі таңда біздің ұжым, мектебіміздің оқу сапасын арттыруда жүйелі жұмыстар жүргізіп жатыр, – дейді жуырда тағайындалған мектеп директоры Әділбек Исмағұлов. Шынымен де, алда алар асулар жетерлік. Жоспар бойынша тек теріскейде ғана емес басқа да өңірлерде Абай мектептерін ашу жоспарда бар. Қазіргі таңда бұл тың жоба өзінің өміршеңдігін көрсетіп жатқандығы тек жоба жетекшілері үшін ғана емес, қарапайым ауыл әлеуметі үшін қуаныш екені рас.

«Қызылжар Абай орта мектебі» ҚҚ баспасөз қызметі

ЖАСТАР - ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Бүгінгі таңда мемлекет жастарының санасының ояу, білімінің жоғары болуына ерекше мән берілуде. Жастарды тәрбиелеудің маңызы жайында Тұңғыш Президент, Елбасы Н. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады», – деп атап көрсеткен болатын. Еліміздің болашағы – жастардың еңбекқорлығына, талаптілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Қазіргі таңда еліміздегі кейбір жастарымыздың теріс діни ағымға еріп, саналарының көз алдымызда улануы ойландыратын мәселе болып отыр. Шетін көзқарасты діни ағымдардың кейбір жастардың білім мен ғылымға деген ынтығасын жойып, өзге мәдениет пен теріс құндылықтарды насихаттап, жастар арасында жанжал тудыру жағдаяттары да орын алып келеді, ол-шындық. Қоғам болып мұндай іс-әрекеттерге жол бермеуіміз керек. Жастар қай замандарда

болмасын, әрқашан қоғамда үлкен әлеуметтік күшке ие болғанын білеміз. Олар әрдайым қоғамның ең белсенді мүшесі, әрі жұмыс күші болып табылған. Оның үстіне бүгінгі жастың ертеңгі елдің тұтқасын ұстайтын басшы боларын ескерсек, олардың қоғам үшін маңызы арта түседі. Сондай-ақ жастардың бойында үлкен, әрі жүзеге асырылмаған қуаты мен мүмкіндіктері де бар екенін ұмытпауымыз қажет. Тайынша ауданында да жалынды да жігерлі, білімді жастарымыз баршылық. Өткен аптада сол жалынды жастарымыздың бірқатарымен аудан әкімі Р.Ә.Аңбаев кездесу өткізді. Аудандық саяси бөлімнің басшысы Г.Сатыбалдықызының тікелей басшылығымен өткен кездесу жастарға алдағы уақыттарға үлкен әер етері сөзсіз. Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі қарсаңында өткен кездесу барысында жастар тарапынан бизнес, білім беру, денсаулық сақтау, қызмет көрсету салаларын дамыту бойынша ұсыныстар келіп түсті. Әлбетте, кейінгі толқын – жастардың туған өлкені көркейткіп, өз бастамаларын жүзеге асырғысы келетіні әрбір сөздері мен аудан әкіміне қойған сауалдарынан байқалып тұрды.



Алқалы жиында Агробизнес колледжі студенттерінің атынан «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде білім алып жүрген студент Джолдаш Бекжан, жас кәсіпкер Гольц Александр, Тайынша қаласындағы өрт сөндіру бөлімінің аға механигі Олег Солодко сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды. «Дипломмен-ауылға!» бағдарламасының қатысушысы, Яснополя орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі Яхолка Александр, Президенттік көпсайыстан облыстың бірнеше дүркін чемпионы Татьяна Большунова да тәжірибелерімен бөлісті. Кездесуге сондай-ақ Тайынша аудандық көпсалалы ауруханасында

еңбек атқарып жүрген хирург-дәрігер, эндоскопист, тәуелсіздіктің құрдасы Жандос Ахнаев қатысып, медицина саласындағы жаңалықтармен бөлісті. Ол Тайынша ауданында жуырда эндоскопиялық кабинет ашылғандығы жөнінде айтты.

Кездесуді қорытындылаған аудан әкімі Руслан Әкімжанұлы кездесуге қатынасқан көпшілікті Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен құттықтап, жастарды тек қана алға ұмтылуға шақырды.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша маңы»



Қызылжар Абай орта мектебі «Білім, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу» номинациясы бойынша Х-шы Азаматтық форумда «Таным» сыйлығының иегері атанды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ СТАНДАРТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

Лариса ГОРДЕЕВА, "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры"

КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры.



МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

Қор халыққа көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеуді осы қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізілгеннен кейін ғана жүргізеді. Қор филиалының сарапшылары кәсіптік міндеттерін, лауазымдық нұсқаулықтарын, Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік актілерін, ішкі тәртіп ережелерін, диагностикалау мен емдеудің стандарттары мен хаттамаларын тиісінше немесе тиісінше орындамауын тексереді. Яғни, медициналық көмек көрсету стандарттары мен ережелерін, сондай-ақ клиникалық хаттамалардың ұсынымдарын сақтай отырып, құжатпен расталған факт бойынша көрсетілген қызметтер ғана төленеді.

Мониторинг нәтижелері бойынша 2021 жылдың 6 айында Қордың СҚО бойынша филиалының сарапшылары 114 тексеру жүргізді, 51 мыңнан астам ақаулар анықталды, бірақ бұл барлық ақаулар пациенттің медициналық ұйымға жүгінген кезде оның ауруының қолайсыз нәтижесіне әкелгенін білдірмейді.

Бұзушылықтардың басым бөлігін (88,9%) мамандар халыққа консультациялық-диагностикалық қызметтер (әрі қарай – ҚДҚ) көрсету кезінде анықтады. Бұзушылық түрлерінің ішінде ең көп үлес көмек/қызмет көлемін негізсіз арттыру – 83,72%, емдеу-диагностикалық іс-шараларды стандарттардан, Денсаулық сақтау саласындағы ережелерден/клиникалық хаттамалардан негізсіз ауытқу – 9,7%, медициналық құжаттаманы дұрыс ресімдемеу - 5,2% ақауларына келеді.

Тексерумен қамтылған маңызды мәселелердің бірі - онкологиялық көмек көрсету. Онкологиялық көмек-ісіктердің алдын алуға, оларды ерте анықтауға, онкологиялық пациенттердің денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

Халыққа онкологиялық көмек денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қызметтер тізбесіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде көрсетіледі.

Аталған көмек түрін тексерумен жеті денсаулық сақтау нысаны қамтылды: онкологиялық орталық, төрт қалалық емхана және екі аудандық аурухана. Тексеру кезінде көмек көрсету үш деңгейде қарастырылды: амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларда, сондай-ақ үйде диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкестігі.

Емханалар мен аудандық ауруханалар деңгейіндегі мамандар онкологиялық сақтану мәселелері бойынша тіркелген халық арасындағы ақпараттық-білім беру жұмысын қоса алғанда, қатерлі ісік алды және онкологиялық аурулардың алдын алу және ерте анықтау

жөніндегі іс-шаралар кешенін; уәкілетті орган бекіткен тәртіп пен нысанға сәйкес қатерлі ісіктің мінез-құлық қауіп факторларын ерте анықтау үшін халықтың нысаналы топтарын (балаларды, ересектерді) скринингтік зерттеулер мен профилактикалық тексеріп-қарауды ұйымдастыруы тиіс; обыр алды және онкологиялық ауруларды ерте анықтау мақсатында қарап-тексеру, дәрігерге дейінгі кабинеттерде пациентті қарап-тексеру; қатерлі ауруларға күдік болған және үдерістің өршуі кезінде пациенттің жай-күйін анықтау және онколог, маммолог, бейінді мамандарға жіберу мақсатында ЖПД-ны қарап-тексеру.

Сарапшылар медициналық ұйымдарды тексеру кезінде осы іс-шаралардың толықтығы мен орындалу мерзімдерінің сақталуын бағалады. Қатерлі ісік бар және күдікті пациенттерді тексеру мерзімдері:

- қарау кабинетінің маманы ісік ауруына күдік болған немесе анықталған жағдайда пациентті жалпы практика дәрігеріне (әрі қарай – ЖПД) 1-3 жұмыс күні ішінде жібереді;

- ЖПД бейінді маманмен бірлесіп, 5 жұмыс күні ішінде толық тексеру жүргізеді және пациентті онкологқа/КООП-қа жібереді;

- онколог ЖПД жолдамасын берген сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде қарап-тексеруді және қажетті зерттеулерді жүргізеді, оның нәтижелері бойынша диагнозды растау және жүргізу мен емдеудің кейінгі тактикасын айқындау үшін пациентті онкологиялық ұйымға жібереді;

- онколог-дәрігер алдын ала диагнозды немесе аурудың қайталануына күдік анықталған сәттен бастап цитологиялық, гистологиялық материал алуды және материалды морфологиялық зерттеуге жіберуді ұйымдастырады, сондай-ақ диагнозды, онкологиялық процестің таралуын белгілеу және аурудың сатысын, аурудың қайталануын айқындау үшін қажетті өзге де диагностикалық зерттеулерге жібереді.

Қатерлі ісікпен күресте ең бастысы-алдын алу, диспансерлеу, яғни пациенттер медицина қызметкерлерімен бірлесіп, өз денсаулығы үшін жауапты және дәрігердің барлық тағайындауларын мүлтіксіз орындауы тиіс, және Қор филиалының мониторинг бөлімінің сарапшылары осы нормалар мен ҚР ДСМ бұйрықтарының, диагностика және емдеу хаттамаларының сақталуына талдау жүргізеді және медициналық ұйым тарапынан да, пациент тарапынан да көмек көрсету нормативін сақтау туралы қорытынды жасайды.

СҚО бойынша мақсатты мониторинг нәтижесі бойынша келесі жүйелі мәселелер анықталды:

- дер кезінде диспансерлеу
- профилактикалық тексерулердің болмауы
- қатерлі ісіктерге (ҚІ) күдік болған және ҚІ диагнозы расталған кезде

* * * * *

СКРИНИНГ ТУРАЛЫ ТОЛЫҒЫРАК

Скрининг – бұл ауруларды және қауіп факторларын ерте сатыда анықтау үшін дер кезінде емдеу, асқынудың алдын алу мақсатында белгілі бір жастағы дені сау адамдарды профилактикалық-медициналық тексерулерден өткізу.

Үш реттік ультрадыбыстық скринингтің жүргізілуі:

- 1) жүктіліктің 11 аптасынан 13 апта және 6 күніне дейін;
- 2) 19 аптадан 21 аптаға дейін;
- 3) 30 аптадан 32 аптаға дейін.

Егер ультрадыбыстық скрининг жүргізу кезінде пренатальды скринингтің бірінші кезеңінде төмендегілер анықталса:

- хромосомалық патологияның ультрадыбыстық маркерлері (белгілері);
- ұрықтың туа біткен ақаулары;
- бірінші триместрдің біріктірілген тестін өткізгеннен кейін ұрықтың хромосомалық патологиясының жоғары жеке генетикалық қауіпі (1:150 және одан төмен);
- немесе жүкті әйелдің жасы 37 де, ал оның серіктесі 40 жаста болса, онда (көрсетілген факторлардың бірі болған кезде) жүкті әйел жүктілікті ұзартудың орындылығы туралы мәселені шешу мақсатында ұрыққа УДЗ қайта жүргізу немесе инвазивтік пренаталдық диагностика жүргізу не мультидисциплинарлық перинаталдық консилиум жүргізу үшін көрсетілгендерді анықтау бойынша генетика пренаталдық скринингтің екінші кезеңіне жіберіледі.

АКУШЕР ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТЕ АЛАДЫ?

Акушер дәрігердің қатысуын қажет етпейтін медициналық көмек көрсетеді. Бұл:

- 1) пациенттің денсаулық жағдайын анықтау үшін қабылдау және медициналық тексеру, жүктіліктің аурулары мен асқынуларын анықтау;
- 2) жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге және фертильдік жастағы әйелдерге олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда кезек күттірмейтін және шұғыл медициналық көмек;
- 3) созылмалы аурулары бар жүкті әйелдерді учаскелік дәрігерлермен және бейінді мамандармен бірлесіп динамикалық бақылау;
- 4) акушер-гинеколог дәрігерінің тағайындауларын орындау;
- 5) бағыттар мен ұсынымдар бере отырып, әмбебап-прогрессивтік модель негізінде жүкті әйелдер мен босанған әйелдердің физиологиялық жүктілігін және патронажын өз бетінше жүргізу;
- 6) жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге, гинекологиялық науқастарға және әлеуметтік қауіп бар ұрпақты болу жасындағы әйелдер тобына үйде медициналық қызмет көрсету, жүктіліктің 12 аптасы мен 32 аптасына дейінгі мерзімде жүкті әйелді әмбебап (міндетті) патронаждық бақылау, жүкті әйелдерді патронаждық әмбебап-прогрессивтік моделінің схемасы бойынша олардың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қатер төндіретін медициналық немесе әлеуметтік сипаттағы тәуекелдер анықталған жүкті әйелдерді прогрессивті қарау немесе патронаждық бақылау;

7) отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулығын қорғау мәселелері бойынша консультация беру.

Егер жүкті әйел тағайындалған күннен бастап үш күн ішінде қабылдауға келмесе, онда акушер немесе учаскелік медбике оған патронажға келуі тиіс.

Егер жүкті әйел орташа қауіп-қатерге душар болса (оның ішінде емшек сүтімен байланысты проблемалар, гигиеналық дағдыларға қатысты қиындықтар), акушер / учаскелік медбике өз бетінше немесе учаскелік дәрігермен бірігіп жұмыс жасайды.

Бірақ, егерде әйел әлеуметтік сүйемелдеуді қажет ететін жоғары тәуекел тобына кіретін болса (қаытгездік, зорлық-зомбылық, әйелдің мүгедектігі), мәліметтер әлеуметтік қызметкерге, психологқа және қажет болған жағдайда тиісті мекемелерге (білім беру, әлеуметтік қорғау, ішкі істер, жергілікті атқарушы органдар, үкіметтік емес ұйымдар) беріледі.

ПЕРЗЕНТХАНАҒА ЖОЛДАМА

Жүктілік бойынша есепке қойылған сәттен бастап әйел босануға байланысты дайындық мектебіне бара алады. Бұл оған болашақ ана ретінде қажетті дағдыларды игеруге көмектеседі.

Жүкті және босанатын әйелдерді перзентханаға жіберу перинаталдық көмекті өңірлендіру деңгейін ескере отырып (медициналық көрсетілгендер бойынша), жүктіліктің 37 аптасынан бастап «Емдеуге жатқызу бюросы» порталының құту парағында тіркеледі. Бұл дегеніміз, егер әйелде жүктілік қалыпты жағдайда болса, онда ол жақын маңдағы перзентханаға босануға жіберіледі. Алайда, егер жүктілік асқынулармен жүрген жағдайда, онда босану мамандандырылған орталықтарда жүзеге асырылады. Жүкті әйелді ауруханаға жатқызу үшін кезекке қояды, ал оның соңғы күні босанудың басталуымен анықталады.

«Әйел перзентхананы өздігінен таңдай ала ма деген сұрақ жиі қойылады. Ия, егер жоспарланған босану немесе жоспарланған кесарь тілігі туралы айтатын болсақ», – деп түсіндіреді Бағдағұл Ысқаққызы.

АЛ ЕГЕР САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН БОЛСА?

Ең алдымен, жұмыс істейтін әйелдер үшін жарна – олардың жалақы мөлшерінің 2%-ы түсетінін атап өткен жөн. Жұмыс беруші салық салынатын кірістің 2%-ы мөлшерінде аударымдар төлейді.

Декреттік демалысқа шыққаннан кейін әйел табысын алуды тоқтатады және ол үшін енді жұмыс орнынан зейнетақы, әлеуметтік аударымдар түспейтін болады. Осыған орай, ол «жұмыс істемейтін жүкті әйел» жеңілдік санатына қосыла алады. Сол уақытта мемлекет ол үшін МӘМС-ға жарна төлейді. «Әйел жүктілік бойынша есепке тұрады және ол туралы деректер жүкті және фертильді жастағы әйелдердің тіркеліміне (ЖЖФЖӘТ) енгізіледі. Осыдан кейін төлем жүйелеріне ол үшін міндетті төлемдердің – зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдардың болуын тексеруге сұрау салу жіберіледі. Егер төлемдердің болмауы расталса, онда «Сақтандырылған» мәртебесі үш жұмыс күні ішінде автоматты түрде беріледі. Бұл ретте, жұмыс

пациентті толық тексерудің болмауы

- ҚДҚ өткізу мерзімі ұзақ
- қосымша зерттеу әдістерін ұзақ күту уақыты (КТ, МРТ)
- ҚІЖ пайда болу қауіп факторлары анықталмайды

қатерлі ісік алды аурулары бар диспансерлік топтағы науқастарды тұрақты бақылау

медициналық персонал тарапынан онконастория болмауы

- Облыстың МСАК қалалық және аудандық медициналық ұйымдарының онколог дәрігерлерімен жеткіліксіз жасақталуы.

Барлық анықталған проблемалар шешім қабылдау үшін "СҚО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" КММ және медициналық ұйымдардың басшыларына жеткізілді. Медициналық ұйымдарда халыққа медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту үшін Қор осы жылы "жасырын пациент" акциясын жалғастырды. Осы акция шеңберінде Қор қызметкерлері медициналық ұйымдарға "жасырын" қоңырау шалу арқылы тіркеу бөлімі мамандары мен медицина қызметкерлерінің медициналық сақтандыру жүйесі, МӘМС пен ТМҚКК кіретін медициналық қызметтер, медициналық көмек көрсету стандарттары, сондай-ақ пациенттердің сақтандырылу мәртебесі мәселелері туралы біліміне мониторинг жүргізді. Алынған нәтижелер медицина қызметкерлерінің білімін күшейту және медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту қажет бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мониторинг қандай да бір жазалау шараларын көздемейді, бірақ қор қызметкерлерінің медицина қызметкерлерін атаулы оқыту үшін негіз болады және пациенттерге қажетті медициналық қызметтерді алудан заңсыз бас тарту санын азайтуға, медициналық ұйымдардағы сервисті арттыруға, пациенттерді құзыретті консультациялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қор жұмысының маңызды бөлігі ТМҚКК және МӘМС жүйесі шеңберінде медициналық көмектің қанағаттанушылығын бағалау бойынша халықпен кері байланысты қалыптастыру болып табылады. Кез келген туындаған сұрақтар бойынша халыққа тәулік бойы 24/7 режимінде жұмыс істейтін 1406 Call-center қолжетімді, сондай-ақ өтіншітерді Qoldau-24/7 мобильді қосымшасы бойынша жіберуге болады.

Бұдан басқа, ТМҚКК және МӘМС, төлеу тәсілдері және берешектің болуы мәселелері бойынша халыққа кеңес беру үшін қордың өңірлік филиалдарында азаматтарды қабылдау кабинеттері ұйымдастырылды.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының мекенжайы Абай көшесі, 57. Телефондары: 555165, 555164.

істемейтін жүкті әйел жеңілдікті санатта болған кезде, егер онда өткен кезеңдер үшін берешекбар болса, оны өтеудің қажеті жоқ. Бірақ, егер ол жеңілдік мәртебесін жоғалтса, онда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді пайдалану үшін қарызды өтеп, МӘМС-ке үнемі жарна төлеуді жалғастыруы керек», – деп түсіндіреді сарапшы. Алайда, әйелдер жеңілдік мәртебесін жоғалтқан жағдайлар болады.

«Жеңілдікті санаттағы әйелдер жеке себептері бойынша бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) төлейтін жағдайлар жиі кездеседі. Алайда, бұл төлем зейнетақы мен әлеуметтік аударымдарды да қамтиды. Сондықтан, ақпараттық жүйе осы түсімдер туралы ақпарат ала отырып, әйелді жұмыс істейтін адам ретінде автоматты түрде таниды. Бұл сақтандырылған тұлғаның жеңілдікті мәртебесін жоғалтуына әкеліп соғады. Қор мекенжайына осындай жағдайға тап болған және оларға МӘМС жүйесінде сақтандырудың жеңілдік мәртебесін қайтаруды талап ететін әйелдерден өтініштер жиі түседі. Егер екі ай ішінде олар үшін міндетті төлемдер түспесе, бұны қалыпқа келтіру мүмкін. Сонда олар жұмыс істемейтін жүкті әйелдер ретінде мемлекеттің жарналары есебінен қайтадан сақтандырылатын болады», – деп Қордың байланыс орталығы басқармасының басшысы Дастан Серікбаев осы жайттарды түсіндірді.

Емханаға барар алдында МӘМС мәртебесінің болуын нақтылап алу маңызды. Гинекологтың консультациясы жоспарлы түрде МӘМС пакетіне енгізілген медициналық қызметтер тізбесіне кіреді. Сақтандырылған әйел учаскелік гинекологтың қабылдауына жалпы практика дәрігерінің жолдамасынсыз жазыла алады. Медициналық сақтандыру жүйесінде мәртебе болмаған жағдайда, оны жалпы практика дәрігері қарағаннан кейін акушер ЖЖФЖӘТ-ға қосуы тиіс. Бұл қызметтер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетіледі, яғни сақтандырылмағандар үшін қолжетімді болып табылады.

Бағдағұл Әбдірасылова атап өткендей, мемлекет табысы жоқ әйелдерге тек босанғанға дейін ғана емес, одан кейін де қамқорлық жасайды – бала туылғаннан кейін «Үш жасқа толғанға дейін балаға (балаларға) күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар» санатында сақтандырылудың жеңілдікті мәртебесін алуға құқық береді. Жеңілдікті санат бойынша сақтандыруды алып, әйел МӘМС тізбесіне кіретін барлық медициналық қызметтерге қол жеткізе алады.

Егер сұрақтарыңыз болса, сіз оларды емханаңыздан Пациенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласып сұрай аласыз. Егер сізге сол жерде қажетті көмек көрсетілмесе, онда сіз ыңғайлы байланыс арнасы арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтініш жібере аласыз: Ресми fms.kz сайты, 1406 байланыс орталығы, Telegram-дағы Qoldau 24/7 және SaqtandyruBot мобильді қосымшасы.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Абайдың қолжазбалары сақталмағаны, ұлы ақынның қолтаңбасын «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы турасынан» деген жазбасының бір ғана парағымен танып жүргеніміз баршаға мәлім. Сондай-ақ, Абайдың қолымен жазылған «Вадим» аудармасының бір ғана парағы қалған.

Осы орайда, «Абайдың қолжазбалары түгелдей жоғалып кетуінің сыры неде?» деген сұрақ көкейден кетпейді. Неге екені белгісіз, Мұхтар Әуезовтен бастап, абайтанушылардың бірде-біреуі Абайдың қолжазбаларын іздеуді маңызды мәселе етіп көтермейді. Тарихта Абайдың жеке қағаздары сақталған сандықтың болғандығы, ол сандықты сол кездегі өкіметтің әкімшілік қызметіндегі шенеуніктер, атап айтқанда, уезд бастығы Навроцкий қаттап, алып кеткендігі туралы айдан анық, құжат түрінде сақталған, дәйегі мықты мағлұматтар баршылық. Түсінікті болу үшін бұл оқиғаны басынан таратайық. 1903 жылы Көкшетау мешітінің имамы Науан хазырет, дәлірек айтқанда, Наурызбай Таласұлы мен сол мешіттің жанындағы мектептің мұғалімі Шәйкер молла (Шәймерден Қосшығұлұлы) бастаған діни азаттық қозғалысқа байланысты Ресей патша үкіметінің ішкі істер министрлігі жүргізген қылмысты іске қатысы бар деп, Абайдың соңынан бақылау қойылған болатын. Сол жылдың қысында Шәймерден Қосшығұлұлы Баянауылдағы Сәдуақас Мұсаұлы Шормановқа, Абайға және басқа да беделді ел ағаларына хат жазып, бүкілқазақтық мұсылман съезін өткізу туралы ақылдасқан. Съезге дайындық ретінде қаражат жиналып жатқанын хабарлаған. Осыған байланысты Шәймерденнің поштада жатқан екінші хатын қолға түсіруге заң орындары бірталай әуреленген. Қыр өлкесінің генерал-губернаторы – ең жоғарғы әкімшілік басшысы талап етсе де жергілікті пошта-телеграф округінің бастығы «заңды бұза алмайтынын, хатты иесінен басқа адамға бермейтіндігін, өкіне отырып», сыпайы мәлімдеген. Тіпті, Ресей ішкі істер министрінің де құзыры жүрмеген. Ақыры, 1903 жылғы мамырдың 22 күні Абайды Арқатқа шақырып, поштадан өз қолымен алдырған. Олардың хабарламасында «Ибрагим Құнанбаев Көкшетаудан № 802/87 тіркеумен келген хатты өзі алып, ашпай маған берді», деп жазған. «Мен аштым, қырғыз (қазақ З.Т.) тілінде жазылған жазу 25 сәуірде Құнанбаевты тіптенде шыққан хатты жазған адамдыкі», деп көрсеткен. Осылайша Шәймерденнің Абай атына жолдаған екі хаты да қолға түскен. «Аса маңызды тапсырманы мүлтіксіз орындағаны үшін Семей оязының бастығы Навроцкий Қыр өлкесі генерал-губернаторының алғысын алды» (1903 ж.1- тамыз). Осы хатында генерал-губернатор «Құнанбаевтың жеке басына байланысты неғұрлым толық мәлімет жіберуді» де қоса сұрапты [2,146].

Семей оязы бастығының Абайға берген мінездемесі және ол ұлы адамның тұрмысын, мінез-құлқын, білім-парасатын, ел ішіндегі абыройын көрсететін құжат болса, әрине, әрбіреуіміздің жүрегімізге жақын. Оның үстіне ресми қызмет адамы жазған, бәлкім, Абай данышпанды бар қырынан көрсете алмаған құжатты журналист, кейін мемлекеттік архивті басқарған С.Байжановтың аударуында қазақшалап келтірейік: Семей оязы бастығының Семей облысының әскери губернаторына 1903 жылы 26 тамызда жолдаған хаты. Құпия №48.

«1903 жылғы 22 августтағы № 200 ұсынысыңыз жайында Сіздің Хұзырыңызға Шыңғыс болысының қырғызы Ибрагим Құнанбаевтың жасы 60-та екенін, 3 әйелі барын, олардан 20-ға жуық балалары барын, 1000 жылқысы мен 2000 қойы барын, оның өте білімді және ақылды адам екенін, Шыңғыс болысы болып 2 рет үш жылдан және үш рет үш жылдан істегенін, сонсоң бір рет 3 жыл бойына үкіметтің тағайындауы бойынша Мұқыр болысы болып істегенін хабарлаймын. Құнанбаевтың қызметінде парасаттылық пен жігерлілік, үкіметке берілгендік [бар] және ұлтшылдықтың жоқтығы көзге түсті. Мысалы: Құнанбаевтың бір ұлы Михайловск артиллерия училищесінің курсын аяқтағаннан кейін офицерлер қатарына қосылды, Түркістан округінде қызмет атқарып жүріп қайтыс болды, қызы қырғыздар интернатында оқып, оның курсын аяқтады, қазір күйеуде. Қалған ұлдарының бәрі орысша сөйлеп, жаза алады, оларды әкесінің өзі оқытады. Құнанбаевтың өзі кітаптар, газеттер мен журналдар алдырады, орыс әдебиетіне ынта қояды. Бұрынырақта Семей уезіндегі және көршілес уездердегі қырғыздардың арасында Құнанбаевтың беделі өте зор болды, бірнеше рет «Төбе би», яғни болыстар арасындағы дауларды шешуші болып сайланды, бұл қырғыздар арасында ең жоғары құрмет болып саналады және сайланған судьяның адалдығына сенім көрсетіледі. Қазір Құнанбаевтың беделі бұрынғысындай күшті емес, ол қартайған, іске араласпайды, тыныш та жайлы өмір сүруде, тікелей өзіне қатысы жоқ істерге өте сақ қарайды, яғни, өз болысында да, сондай-ақ, көрші болыстарда да ешқашанда партияларды басқаруға бармайды, ал партиялардың басшылары онан кеңес сұрайды. Саяси жағынан алғанда, мен оны ақылды адам деп, фанатик емес деп санаймын, мұсылман билептестеушілерінің қаракеттеріне араласпайтын, сенуге болатын адам деп санаймын. Өзімен әңгімелескен кезде

АБАЙ САНДЫҒЫ – АЛАШ ТАҒДЫРЫ

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,

абайтанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Құнанбаев өз пайымдауларында мемлекеттік мүдделерді толық түсінетінін және Россияның Азиядағы иемденуіндегі жерлерде мәдениетті қызмет атқаруына дұрыс көзқарасын көрсетті, фанатик мұсылмандардың үкіметке қарсы әрекеттерін ашу-ызамен айыптады. Жалпы алғанда Құнанбаевтың өзі саяси тұрғыда ешқандай қауіп тудырмайды. Соңғы сөйлемдер Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында келтірген эпизодтарындағы Абай аузымен айтылған сөздерге өте-мөте жақын келеді. Біз қазір әңгіме етіп отырған жайлардың жазушыға ерте-ақ мәлім болғандығының бір дәлелі осы деп санаймыз. Сонымен Шәймерденнің алғашқы хатының нұсқасы не толық аудармасы жоқ дедік. Екінші хаттың орысша аудармасы сақталған. Зерттеуші С.Байжанов қазақшалаған хат мынау. Бұл хаттан оның авторының ой-пікірін, Абайға деген ықылас-тілегін біршама байқауға болады: «Ассалаумағаләйкүм! Биік мәртебелі аса құрметті, жұрт ардақтайтын Ибрагим мырза! Сізге Ақмола облысының барша 5 оязының қадірмен адамдарының атынан жазып отырмын. Мұндағы қазақ халқының мұқтажық хал-жағдаяты 15 майдан әрман қарай мағлұм болмақшы, өйткені жиналған малды сатуға тура келеді. Халық қамқоршысы ретінде сізден еш хабар-ошар ала алмадық, ал сізден әлдеқайда шалғайда жатқандар хабар беріп тұр. Жетісу облысында болатын кеңесті күтудеміз, әмбе тері-терсек сатылатын Семей жәрмеңкесінің өтетін мерзімін күтіп жүрген жайымыз бар: мерзімі әлі бұрынғыдай. Жәрмеңкеден қазаққа келер пайда да шамалы, бұл жағын жұрттың бәрінен де өзіңіз жақсы білсеңіз керек-ті. Баяғы дәурен өтті де, өлетін заман жетті. Барлық жай-жапсарды айтып, ақылдасуға болар еді, амал не, қазақтың мүддесін шағып, ойласуға кедергі жасап тұр ғой. Хатты мына адреске: Көкшетау қаласы, қазақ мектебі, Зиядаға тисін деп әдепкі жолмен жіберсеңіз, аламыз. Хат жазушы мына мен пақыр әлі де көп нәрсе жазар едім, әзірше үндеместен осымен тамам етейін. 1903 жылғы 6 март». Хаттың момын сөздермен сыпайы басталып, қысылып аяқталғанын көріп отырмыз. Әрине қуғын-сүргінді көп көрген мұғалім Шәймерден Қосшығұлов өзіне әр жерден құрылып тұрған қақпанды білген. Хат қолға түсе қалғанын өзіне шектен шыққан «қылмыс» таба алмасын деп, тұспалдап қана емеурін танытады. Алайда, өкіметтің қырағы қызметкерлері осынау құпия сөздердің астарында әлеуетті саяси күш жатқанын да біліп қойған. Әйтпесе сонша дүркірей ме? Байыптап қарасақ, бұл тек дін төңірегіндегі ғана әңгіме емес. Түп-тамыры тереңде жатқан ұлт-азаттық күрестің тағы бір көрінісі. Осы арада Мұхтар Әуезов айтып кеткен сергек болжам ойға оралады: «...Кейінгі зерттеушілердің есіне, әсіресе, салып өтетін бір жай: ақын жөніндегі деректер туралы... Крестьян начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері, барлығының архивтерінде Абай жөнінен әлі де көп жаңалық табуға болатын тәрізді» (М.Әуезов. Т.20, 1985 ж. 83 б.). Сақталған архив құжаттарына қарағанда, алғашқы хатқа Абай жауап бермеген. Екінші хатты 1903 жылғы сәуір айында Абайдың өзін Арқат поштасына алып барып, қол қойғызып, Навроцкий Абайдың қолынан алған. Хаттың мазмұны қазақ тарихшыларына мәлім. Бұл жөнінде осы жолдардың авторы «Абайға хат жазған Шәймерден Қосшығұлов кім?» деген тақырыпта мақала жазған болатын. (Абайдың саяси-құқықтық мұрасы және жаңа кезең. Қарағанды мемлекеттік университетінің баспасы, 1995 ж., 32-52 беттер).

Қысқасы, 1903 жылғы 25 сәуірде Абайдың үйін тіптен Семей уезінің бастығы Навроцкий Абайдың қолжазбалары, оқыған кітаптары мен журналдары сақталған сандықты қаттап, Семейге алып кеткен. Әрі қарай Омбыға жөнелткен.

Бұл қағаздарды мұқият зерттеп, тексерген сарапшылар, «араб әріпмен жазылған қолжазбаларда үкіметке қарсы бағытталған ештеңе табылмағаны» туралы қорытынды жасаған және Омбы шенеуніктері Абайдың сандығын қайтару туралы шешім алған. Бұл – 1903 жылғы қараша айындағы әңгіме.

Одан кейін қыс түсіп кетеді, қайдағы бір қазақтың сандығын қыс ішінде шамамен Омбыдан Шыңғыстауға жеткізіп беруі мүмкін десек, қисыны келе қоя ма? Көктемде, сәуірдің 20-25 дейін Ертістен өткел ашылмайтыны тағы бар. Жаз шыға сандықтың иесі – Абайдың өзі қайтыс болды.

Сонымен, Абайдың қағазы салынған сандық Омбыдан қайтпай қалды. Бұған дәлел ретінде, Алаш көсемдерінің бірі, заңгер Жақып Ақбаевтың жазғанын ұсынуға болады. Ол 1905 жылы 26 маусымда Ресей үкіметіне қазақтар атынан жазған арызында былай деп көрсетеді: «...1903 жылы Петропавл, Павлодар және Семей уездерінде белгілі-белгілі қазақтардың үйіне тінту жүргізілді. Сол тінту барысында олардан тартып алынған кітапханалар әлі күнге мелеріне қайтарылмай отыр...»

Бұл сөздердің Абай үйінен тәркіленген сандыққа тікелей қатысы бар екені күмән туғызбауға тиіс. Осылайша, қазақтың даналық ақыл-ой қазынасына, өнері мен әдебиетіне орны толмас орасан нұқсан келді.

Саяси сенімсіздігі жөнінде Абайға жабылған жаланы, оның үй-жайының заңсыз тінтілгенін, сандықтың тәркіленіп, Омбыға әкетілгенін Жақып Ақбаев жақсы білген. Және ол сандықтың ішіндегі қағаздардың, басқа да әдебиеттердің тарихи маңызын бағалай білген. Әйтпесе, «сол тартып алынған кітапханалар әлі күнге иелеріне қайтарылмай отыр», деген сөздерді еріккеннен жазбайды ғой.

Ал, Жақып Ақбаевтың Абайға байланысты бұл оқиғаны бүгешігесіне дейін білгеніне күмән келтіруге болмайды. Оның дәлелдері мынадай: 1904 жылы 8 маусымда Ж.Ақбаев Омбыдан ауысып, Семей округтік сотына қызметке барған. Өзінің жерлесі

саналатын Абайды бұрыннан білетін. Жақыптың Петербуртке оқып жүргенде, жазғы демалыста елге келіп, халықтың тұрмысы, патша шенеуніктерінің заңсыз алым-салық алатыны, қазақтарға қорлық көрсететіні туралы орталық басылымдарға мақала жазатыны да мәлім.

Екіншіден, Жақып Ақбаев Абайдың досы, облыстық санақ басқармасында істеген заңгер Н.Коншинмен жақын араласқан. Самодержавиеге, отаршылдыққа қарсы күресте пікірлес болған. Абай мен Коншиннің жақын болғандығы туралы деректер жеткілікті. Ал, Ж.Ақбаев 1906 жылы күзде саяси қылмыскер ретінде сотты болғанда, Қарқаралыда өткен сот процесіне өзіне қорғаушылыққа Семейдегі Коншинді таңдағанын қағазға жазып берген.

Міне, Абайдың сандығының қандай жағдайда қолды болғаны туралы әңгіменің ұзын-ыргасы осындай.

Әлбетте, бұл құдалау, Арқат поштасына жетектеп апару, үйін, қора-қопсысын, балаларының қойын-қонышын заңсыз тінту – Абайға моральдық жағынан үлкен соққы болғанын түсінуіміз керек. Кейін, тергеу жұмыстары аяқталып, Абайдың орыс үкіметіне қарсы пиғыл-әрекеттері туралы күдік сейілгеннен кейін де, ұлы ақынның жүрегіне түскен жан-жарасы оңайлықпен жазылар ма? Мұндай жағдайда үкіметке, оның әділ билігіне деген сенімі жоғалып, өмірден түңілген жанның сандықты іздеуге ықыласы болар ма?

Уақыт легімен келгенде, қазақ даласындағы бұдан кейінгі оқиғаларды шолып, айта кетейік.

1904-1905 жылдары панисламизм, пантүркизм деген желеумен Ресей үкіметі қазақтың азаттық күресін бастаушы ұлтшыл, оқыған азаматтарын түгелдей қуғындады. Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев бастатып, түрмеге жапты. Рақымжан Дүйсенбаев сияқты қалагерлерін Архангельск, Котлас сияқты поляр шеңберінің сыртына жер аударды.

1909-1911 жылдары саяси көзқарасы үшін қазақ оқығандары тағы да қуғын-сүргінге ұшырады. Бұдан кейін 1916-1917 жылдардың оқиғалары келді. Тағы да қырып-жою, түрмеге жабу, жер аудару науқаны басталды. 1921-1922 жыл дары жаңа ғана ес жиып, еңсе көтере бастаған хат танитын қазақ көсемдері «ұлтшыл – бүлікші» атанып, тағы жазықсыз жазаға ұшырады. 1925 жылғы «кіші октябрь» науқаны үлкен дүрбелеңнің басы болып, аяғы «кәмпескеге» ұласты.

1929-1930 жылдары жаппай тұтқындау басталды. 1932 жылғы аштық, 1937 жылғы «қызыл қырғын», одан кейінгі екінші дүниежүзілік соғыс, 1950 жылғы жаппай қаралау науқаны... бұл қазақтың есін жиғызды ма?

Міне, осылайша, Абайдың қолжазбаларын іздеу түгілі, есі бүтін азаматтар қара басының қамымен елең болды.

Бұдан мың жыл бұрынғы жәдігерлерді іздеп тауып, қалпына келтіреміз деп жатқанда, жүз-ақ жыл бұрын қолды болған, ізі бар Абай сандығын іздегіру керек-ақ. Осы жолдардың авторы Абайдың қолжазбаларын өз әлінше іздеп жүргеніне қырық жылдай болды. Омбы қаласына жыл аралатып барғанда, ондағы зиялы деген көнекез қарияларды тауып, тілдестім. Кейбіреулерінің ұрпақтарын сұрастырдым. Үйлеріне бардым. Омбыдағы жоғары оқу орындарында бұрын жұмыс істеген қарт ұстаздарды іздедім. Өлкетанушылар мен тарихшылардың біразына кездесіп, пікір алыстым. Бірақ, үміт ұшқыны әлі көрінбей тұр.

Тіпті, сол кездегі шығыстанушылардың біреуінің қолына түсіп, қызықтырса, Абай қолжазбалары Омбы шегінен шығып, Ресейдің орталық қалаларына, одан асып шет елге кетіп қалуы да ғажап емес. Ұлы сүргін, қанды төңкеріс кезінде бас сауғалап, шет елге ауып кеткен орыс зиялыларының біреуінің қолына түспеді дей аламыз ба?

Осынау көп сұраққа бір ғана жауабым бар: Қалай болған күнде де, Абайдың сандығы, оның ішіндегі қағаздар отқа жағылған жоқ, әлдебіреу күресінге лақтырған жоқ. Ол қағаздардың құнын хат танитын әркім білгеніне шүбә келтірмеймін. Сандықтың ішінде Абайдың араб әлібімен жазған қолжазбалары ғана емес, діни кітаптар, орыс тіліндегі кітаптар, журналдар мен газеттер болған. Абайдың атына келген хаттар болған.

Патша заманында пошта-байланыс қызметі ішкі істер министрлігіне қараған, іс-қағаздарының тәртібі күшті болған. Мысалы, сол Арқат поштасының бастығы Абайдың атына келген хатты әкімшілік орындарына беруден бас тартып, «Ресейдің пошта Жарғысына сәйкес, хатты адрес иесі өзі қол қойып қана ала алады», деген уәжбен, тіпті, облыстың әскери губернаторының жарлығы бола тұрса да, уезд бастығына бермей қойғаны туралы архивте жазулы тұр. Сондықтан, бір із қалды ма екен деп, Дала губернаторлығының пошта әкімшілігінің архивіне де қарап шықтым. Бәлкім, осы жолды жалғастырып көру керек те шығар.

Өз елімізде бұл мәселені республикалық баспасөзде бірнеше рет көтердім. Биыл, Абай жылы да қозғап, «Абай» сайты арқылы Ел Президентінің құлағына салған болдым. Бірақ, жаппай үнсіздік.

Менің ойымша, Абай мұраларын іздеу – мемлекеттік маңызы бар мәселе ретінде қолға алатын шаруа болуға тиіс. «Жалғыздың үні шықпаса, жаяудың шаңы шықпаса» дегендей, бір ғана адамның талпынысы әзір нәтиже беретін емес. Абайдың сандығын, өз қолымен жазған мұра-қазынасын іздеп табуды ұрпақтардың ұрпақтарына кететін ізгі міндет, азаматтық борыш ретінде әрбір есті қазақ баласы түсінсе екен деймін. Осы сөзді жариялап айтатын кез келді. Ал, біздің бұйрығымызға бағынбайтын уақыт көші өз жөнімен алға кетіп барады...

Әлеумет

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Жылдың қай мезгілінде болса да жайма-шуақ күндері каникулға шыққан кішкентай қалалықтар, әдетте, орталық саябақтағы түрлі аттракциондарды ермек етеді. Ал бұл құрылғылар балалар үшін қауіпсіздік қауіпсіз? Соңғы уақытта елімізде аттракциондарға байланысты тосын оқиғалардың жиілеп кеткені жасырын емес.

Демалыс орындары мен саябақтарда орнатылған аттракциондар, әткеншектер мен карусельдер баланың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болуы шарт. Дегенмен, елімізде жарақат алған және қайғылы аяқталған оқиғалар азаймай отыр. Мәселен, 2013 жылы біздің облыста 68 осындай оқиға тіркелсе, 2014 жылы – 48, 2015 жылы 24 оқиға тіркелген. Бұл көрсеткіш 2016 жылы 63-ке жеткен. Мұндай оқиғалар қайғылы аяқталуы да мүмкін. Мәселен, осыдан жеті жыл бұрын “Вороний остров” демалыс базасындағы әткеншектен бала құлап, қаза тапқаны көпшіліктің есінде. Дәл сол жылы тағы екі бала аяқ-қолын сындырған болатын. Бұған әткеншектер мен аттракциондардағы темір қоршау мен белдіктердің тот басып тозуы себеп болды. Қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары Еуразиялық экономикалық одақтың “Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы” техникалық регламентіне сәйкес стационарлық және жылжымалы аттракциондарды есепке алу, қайта тіркеу және пайдалануға рұқсат беру, сондай-ақ, олардың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Техникалық регламент талаптарын сақтау бұл құрылғыларға мамандандырылған дефектоскопиялық тексеріс жүргізуді талап етеді. Сөйтіп, шолу дөңгелектері, катапульттер, әткеншектер, картингер, үрлемелі батуттарға, төбешіктер, электромобильдер су аттракциондары және басқа да ойын-сауық механизмдерінің ақаусыз жұмыс істеуі жіті қадағаланады. Бүгінгі таңда әр қалада ондаған аттракцион бар. Дегенмен, олардың барлығы да мінсіз жұмыс істейді дей алмаймыз. Барлық оқиғалардың 85 пайызы дұрыс монтаждалмаған механизмдердің кесірінен орыналады.

Жоғарыда аталған техникалық регламент аттракциондарды түрлері мен типтері бойынша жіктейді. Барлық құрылғылар механикаландырылған, соның ішінде үдемелі қозғалыс, айналмалы және күрделі қозғалыс, автодромдар мен картингер, үрлемелі, суда жүретін және балаларға арналған аттракциондар болып сегіз түрге бөлінеді. Сондай-ақ, аттракциондар биіктігіне, қозғалыс жылдамдығына, креслолардың көлбеу бұрышына байланысты әлеуетті биомеханикалық тәуекелдер дәрежелері бойынша жіктеледі. Олар қауіпсіздік деңгейіне байланысты төрт топқа бөлінеді. Егер “RB-1” ең қауіпсіз болса, ал “RB-4” ең қауіпті. Мамандардың айтуынша, аттракциондарды жасау кезінде қауіпсіздік талаптары сақталмаған кезде олар адам өміріне қауіп төндіреді. Бұл құралдарды орнату немесе қайта құру кезінде топырақтың ерекшеліктерін, температура мен желдің әсерін ескеру қажет. Демалушылардың қауіпсіздігі үшін аттракционның қозғалатын бөліктері мен бөлшектерін қоршау қажет. Аттракционға кірер алдында пайдалану ережелері мен шектеулері туралы мәліметтері бар стенд болуы тиіс. Құрамында токсиндері бар материалдардан аттракциондар жасауға мүлдем тыйым салынады. Бұдан бөлек, демалушыларға аттракционның экстремалды екендігі туралы алдын ала ескертіліп отырылуы тиіс. Салмақ бойынша шектеулер бар жерде таразы орнатылу керек. Барлық ойын-сауық нысандары дабыл құралымен және дәрі-дәрмек қобдишасымен қамтамасыз етілуі қажет. Техникалық регламентте балалар аттракциондарына қойылатын қауіпсіздік талаптары бөлек жазылып, стендке ілінеді. Бұл құралдарды жасау барысында балалардың физиологиялық, психологиялық, антропометриялық ерекшеліктеріне байланысты қосымша қатерлер ескерілуі тиіс. Басшылық жаңа аттракциондарды сертификаттаудан, күн сайын тексеруден және жыл сайын техникалық байқаудан өткізуге міндетті. Қауіпсіз құрылғылар Еуразиялық экономикалық одақтың латын әліпбиіндегі арнайы эмблемасымен таңбаланады.

Спартак ҚАЛИЕВ,

облыстық техникалық реттеу және метрология департаментінің бас маманы.

БАСПАСӨЗ – 2022

«Тайынша таңы» - ӘР ШАҢЫРАҚТА!

Біздің отбасымыз ұзақ жылдан бері ауданымыздың айнасы – «Тайынша таңы» газетін сүйіп оқиды. Біз оның беттеріндегі ел жаңалықтарын, облыс, аудан, сонымен бірге балалы шаңырақтарға, зейнеткерлерге беріліп жүретін түрлі әлеуметтік көмектер жайында білеміз. Алдағы уақыттарда да тек жақсы жаңалықтар күтеміз.

Қайсыбір үйге барсаң, үйіне мүлде газет келмейді. Ең болмағанда бір басылым алмай, қалай өмір сүреді екен. Біз жасымыздың ұлғайып қалғанына қарамастан облыстық «Солтүстік Қазақстан» және аудандық «Тайынша таңы» газеттеріне толық бір жылға жазылып, үзбей оқимыз. Үйдегі үлкендерден көргендей, бала-шаға да, немерелер де газетті қолдарынан түсірмейді. Мен өзім жас күнімнен газет басылымдарын қалт жібермей оқуды дағдыға айналдырған адаммын. Бүгінде зейнет жасына жетіп отырсам да, газет оқуды бірінші жолға қоямын. Бүгінде аудандық «Тайынша таңы» газетінің көтермей жүрген тақырыбы өте көп, олар – экономика, экология, әлеуметтік қорғау, мәдениет, білім, денсаулық, спорт, қоғамдық-саяси мәселелер және тағы басқалары. Түсініп оқыған адамға газет мазмұнды, оқитын материалдарға бай. Біз рухани азық болар газетімізбен әрқашан біргеміз. Әр шаңырақ, әр қазақ өзіміздің ана тілімізде шығатын «Тайынша таңы» газетіне жазылайық, ағайын.

Батима САПИЕВА,
зейнеткер, Еңбек ардагері.

* * * * *

БРУЦЕЛЛЕЗ - ЖАНУАРЛАРДЫҢ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУЫ

Бруцеллез - адам мен жануарлардың созылмалы инфекциялық ауруы. Көптеген жануарларда түсік түсіру және плацентаның сақталуы, өміршең емес жас жануарлардың туылуы және бедеулік болумен байқалады. Инфекцияның қоздырғыш көзі - ауратын жануарлар. Берілу факторлары сыртқы орта объектілері, ақушерлік құралдар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, мүкәммал және арнайы киім болып табылады. Адам ауру жануарлардан алынған шикі сүтті және одан дайындалған сүт өнімдерін (ірімшік, май, сүзбе, фета ірімшігі), сондай-ақ жеткіліксіз қайнатылған және қуырылған етті тұтынған кезде бруцеллезді жұқтырады. Жұқтыру тері мен жүнді өңдеумен байланысты өндірісте, сондай-ақ ауру жануарларды күту кезінде және олардың секрецияларымен ластанған заттар арқылы (мысалы, үй маңындағы үчаскелерде ауру жануарлардан алынған көңді пайдалану кезінде) пайда болуы мүмкін.

Ауру кезеңі бір аптадан бірнеше айға дейін созылады, көбінесе 1-3 апта бруцеллез әртүрлі клиникалық белгілермен сипатталады; оның барысы әртүрлі ауырлықта болуы мүмкін. Ауру біртіндеп басталады: әлсіздік, кейде тітіркену, бас ауруы, бұлшықеттер мен буындардағы ауырсыну пайда болады, тәбет төмендейді, температура 37,1—37,3° дейін көтеріледі. Бруцеллез жиі жіті басталады: температура 39—40° дейін көтеріледі, қалтырау, әлсіздік, қатты тершендік, бұлшықеттердегі өткір ауырсыну, қаттылық және буындардағы ауырсыну пайда болады. Қан тамырларының, жүйке жүйесінің және сүйек-буын аппаратының зақымдануы тән, кейде психикалық бұзылулар болуы мүмкін. Ауру орта есеппен 3 айға созылады, бірақ 1-2 жылға дейін немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін. Бруцеллезден кейінгі тұрақты қалдық құбылыстар мүгедектікке әкеліп соқтыруы мүмкін. Бруцеллездің профилактикасы - шикі сүтті, өңделмеген ірімшіктер мен фета ірімшігін, толық термиялық өңдеуден өтпеген етті тамақ ретінде пайдаланбауы. Көріп отырғанымыздай, профилактика қиын емес, ең бастысы - осы қарапайым ережелерді сақтау. Сау болыңыз, өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз!

Галина ТОЛСТОЛУЖИНСКАЯ,

Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

COVID-19.

ТӘУЕКЕЛ ТОБЫ

Өкпенің тінаралық аурулары немесе Қазақстанда мұндай ауруға шалдыққан пациенттердің саны нәліктен артып келеді. Covid-19. Тәуекел тобына кімдер жатады? Президенттік клиникада (Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасында) өкпенің тінаралық ауруларын диагностикалау әдістерін зерделеу бойынша шеберлік-класс өтті. Бұл аурулардың басым көпшілігі прогрессивті ағыммен жүреді және қайғылы жағдайларға әкеліп жатады, респираторлық қауымдастықтардағы дәрігерлер арасында пікірталастар тудырады, өкінішке орай, олардың көпшілігі аталған патологиялармен бірыңғай күресу алгоритмін таппады. Клиниканың диагностикалық блогының докторлары Ресей Денсаулық сақтау министрлігінің үздіксіз кәсіби білім беру медициналық академиясында жұмыс істейтін әріптестері – Игорь Тюрин және Ирина Соколинен бірілесіп, сәулелік зерттеулер кезінде өкпенің тінаралық ауруларының семиотикасының ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың өзара және басқа да ұқсас патологиялармен дифференциалды диагностикасының ерекшеліктерін талдады. Мамандар әлемнің медицина ғылымының бұл саласын әлі де ұзақ зерттелетіндігі және медицинадағы технологиялық прогрестің шыңында әлі де көптеген нәрселерді үйрену керекті туралы ой түйді. Аталған шеберлік-класс – Президенттік клиниканың диагностикалық блогының мүмкіндіктерін кеңейтуге жасалған қадамдардың бірі ғана.

Президенттік клиниканың компьютерлік және магнитті-резонанстық томография блогында жұмыс әрдайым қызу жүріп жатады. Дегенмен, 2020 жылдың ақпан айының соңғы аптасы ерекше болды: дәрігерлер ең қауіпті аурудың бірі – өкпенің тінаралық ауруларын нақтырақ диагностикалауға көмектесе алатын сәулелі және басқа да симптомдарды зерттей бастады. Мұндай пациенттердің Қазақстанда нәліктен көбейіп бара жатқандығы туралы Диагностика орталығының КТ және МРТ докторы Александр Дунь былай дейді: *«Бүкіл әлемдегідей, біздің елімізде де тыныс алу органдарының осындай патологиясы бар пациенттер саны артып келеді. Бұл тек техникалық және зертханалық жабдықталу есебінен диагностиканың жақсаруымен ғана емес, сонымен қатар адамның органикалық және органикалық емес табиғаттың көптеген жаңа заттарымен (атмосфераның өнеркәсіптік поллютанттармен ластануы, кәсіптік ортада химиялық улы заттар, фармацевтикалық препараттарды енгізу және қолдану, темекі шееу) байланыстарының ұлғаюымен байланысты. Тінаралық аурулардың көптеген себептері анық, алайда олардың шамамен үштен бірінің – этиологиясы белгісіз.»*

Президенттік клиниканың дәрігерлері тінаралық патологиясы бар пациенттердің кеуде қуысының компьютерлік томографиясының нәтижелерін түсіндіру бойынша көптеген жаңа ақпарат алғандығын айтады. Доктор Александр Дунь былай деп жалғастырады: *«Адамның өкпесі, бұл – жұмсақ және тегіс тін. Орташа шамамен, адам өкпесіне 3-3, 5 л ауа бар, өкпенің тінарасы пішіні мен серпімділігін сақтауға мүмкіндік береді, яғни «қаңқа» қызметін атқарады. Тінаралық аурулар кезінде тінаралық шектен тыс «қаулап», байланыстырғыш тінге ауысады, осылайша оттегінің сіңіру бұзылады.»*

«Өкінішке орай, Қазақстанда бұл аурулар біз қалағандай тез диагностикаланбайды, пациенттер «бір дәрігерден келесі дәрігерге жүгіріп» мәселенің шешілуін кешеуілдетеді. Талқыланған патологияның дәл диагностикасы көбінесе морфологиялық – бұл тірі адамнан микроскопиялық зерттеу үшін өкпе тіні алынады. Біз сәулелік диагностиканы дамыта отырып, инвазивті әдістердің санын азайтуға тырысамыз, өйткені олар денсаулыққа зиян келтіріп, түрлі асқынұлар туындатуы мүмкін, - деп атап өтті Александр Дунь.»

Ирина Соколина, медицина ғылымдарының кандидаты, РФ Денсаулық сақтау министрлігінің «Ресей үздіксіз кәсіптік білім беру медициналық академиясы» Федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесінің рентгенология және радиология кафедрасының доценті:

«Шеберлік-класс өкпенің тінаралық ауруларын компьютерлік-томографиялық зерттеуге арналды. Ол басқа да облыстар үшін өзекті, себебі мұндай ауруларды қабыну ауруларымен, туберкулезбен бірге анықтауға тура келеді. Қазір жаңа жіктелімдер, жаңа талаптар, жаңа өлшемдер пайда болуда, біз қазір дәл соларды талқылаудамыз.»

Игорь Тюрин, медицина ғылымдарының докторы, Президенттік клиниканың жабдықтармен жабдықтық деңгейін және дәрігерлердің жоғары дайындық деңгейін атап өтті. Ол шеберлік-класстың, оның барысындағы жүргізілген сканерлеу хаттамаларын түзету - клиниканың диагностикалық мүмкіндіктерін кеңейтетінін атап өтті.

ҚР Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының Баспасөз қызметі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Тапсырыс 388. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫМЫЗ:
8 (715 36) 2-36-96
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.